



# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

04/2022

*Ар-намысты ту еткен өмір жолына*



*Қарағанды облысы, Шет ауданының  
" Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы" КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
педагог-шебер, ҚР "Үздік педагог-2020 жыл" жеңімпазы,  
ҚР " Құрметті қызметкер" төсбелгісінің иегері,  
педагогика ғылымдарының магистрі,  
бірінші санатты директордың бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары  
ТУСУПХАНОВА Бану Амановна*

## Сауаттылық сыры

Б. А.ТУ СУ ПХАНОВА,  
Б.Т.ТУТКУШЕВА,  
«Ж. Ақылбаев атындағы  
мектеп-гимназиясы» КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі,  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы

## КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУДІҢ ТҮРЛЕРІ

(Ұстаздармен жүргізілген шеберлік сабақ)

**Мақсаты:** педагогтарға «Кері байланыс пен рефлексияның» ара жігін ажырата білуге бағыттау, іс-тәжірибемен бөлісу.

**Б.А.Тусупханова:**

### Психологиялық ахуал тудыру.

- Құрметті әріптестер! «Озат тәжірибе - ортақ іс» атты апталыққа қош келдіңіздер! Экранға назар аударсаңыздар! (Инклюзивті білім беру <https://www.youtube.com/watch?v=x1y8awKndKKE>)

- Болашақ ұрпақты оқыту шебер мұғалімдердің қолында.. Білімалушыларды бөлмей, бірдей білім беруге міндеттіміз.

### Бүгінгі шеберлік сабақтағы ұранымыз:

Абай: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».

Мұндағы:

Нұрлы ақыл - ТЕОРИЯ,

Ыстық қайрат - ПРАКТИКА

Жүрек - жылы жүрек! (баланы жақсы көру, жанын түсіну).

Олай болса, сіздер бүгін өздеріңіз әріптес-әріптеске кері байланыс беріп жұмыс жасайтын боласыздар.

Дайынсыздар ма? Шеберлік сабағымызды бастайық.

- Мен еркінмін, қысылмаймын деген 4 әріптес ортаға шықса, шыққан әріптестерден бөлек, қатысушыларға сұрақ қойылды. Неге сіздерден ерекше осы әріптес

қорықпай шықты деп ойлайсыздар? Ал басқаларыңыз шықпай, орындарыңызда тосылып тұрып қалдыңыздар?

- Олар өздеріне сенімді...

- Ал сіздер қазақи менталитет тәрбие «Шошаңдама», «Шықпа», «Басқалар шықсын» деген үрей қорқынышпен жүретіндер қатарынан болғандарыңыз.

Ендіше, үреймен қорқынышты жеңе білу тренингін жасап көрейік:

- Бәріміз орнымыздан тұрамыз.

**Екі қолымызды жоғары көтереміз;** Осылай 5 минут көтеріп тұрамыз. Күніне бір рет жасайтын болсаңыз, денсаулықтарыңызға пайдалы екен. Асқазанның жұмыс істеуіне, ағзаның жасаруына көмектеседі екен. Таңертең 1 минут, түсте 2 минут, кешке 2 минут. Қолымыз ауырғанда тұрамыз. Әбден талғанда ұстап, қолыңызды жіберсеңіз, денеңіз әбден жеңілдеп қалады екен. **(Қорқыныш үрейді жою жолдары)**

- **Тыныс алу жаттығуы:** қысылуды басқарудың бір жолы. Ол үшін былай жасайсыздар, көкірекке мұрын арқылы ақырын тыныстап, ауаны толтырасыздар. Екі секунд ұстап тұрып, ерінді иүйіріп, «уф» деп үрлейсіздер. Сол кезде иштегі мынау өкпе-реніш, наз, қысылудың бәрі шығып кетеді. Бастайық, 1,2,3,4,5.

Қысқаша 3 арманыңызды жазыңыз.	Жіі ойыңызға келетін, жіі ойлайтын 3 ойды жазыңыз.
Жіі аузыңыздан шығатын, жіі айтатын 3 сөзді жазыңыз.	Қандай қарекет істі жіі жасайсыз, оны істемесеңіз басыңыз ауырады.

Енді арманыңыздың кез келген біреуін алыңыз, оймен сәйкесе ме? Соны қараңыз, салыстырыңыз. Арманыңыз сәйкесе. жіі аузыңыздан шығатын сөзбен сәйкесе ме? Олар сәйкес келсе, істеп жүрген тірлігіңіз сәйкесе ме? Соны тексеріп көресіз.

Мысалы: Арманыңыз «Үздік педагог» болу болса, ойыңыз сол үздік болу үшін не істеу керек?" деген ой болса, "оган қалай жетем, не істесем болады?" деп ойлант жүрсеңіз және аузыңыздан " үздік педагог " дейтін сөз жіі шығатын болса, сол үздікке қажетті портфолио жинап, мақала

жазып, сабақ өткізіп, дайындықты жгіі жасап жүрсеңіз, нақты үздік болатыныңыз сөзсіз.

Егер бай болуды армандап, бірақ ойыңыз ”бала-шағам аман болсын!“ десеңіз, аузыңыздан жгіі шығатын сөз ”зейнетке қашан шығам? “ деп жүрсеңіз, істеп жүрген қарекет ұйықтау болатын болса, нақты бай болмайсыз. Өйткені арман орындалмайды. (Қол шапалақ!)

Абайдың ”толық адам“ тұжырымдамасына 21 ғасыр мұғалімінің қарекетінің негізгі аспектілерін көрсетуге тырыстық.[1]

<b>Жылы жүрек</b>	<b>Нұрлы ақыл</b>	<b>Ыстық қайрат</b>
Бәрін кешіре алатын адам. Кешірім, мейірім. Шын сүйетін АЛПА тағала, одан кейін ата-анамыз.	Позитив жақсылық ойлайтын адам, батпаққа батып кетсе де, жұмыстан шығарып жіберсе де ренжімейтін.	Энергия, қуат, шаршамайтын, жадырап жүретін адам.
1.махаббат; 2.рахым; 3.әділет; 4.ұят; 5.қанағат.	1.зеректік; 2.білім; 3.терең ой.	1.талап; 2.еңбек; 3.шыдамдылық.

**Ендеше, осындай жылы жүрегі бар ұстаздарға шапалақ!**

**Б.Т. Тутқушева:**

Алдарыңызда қима қағаздар жатыр. Сол қағаздарды алып, топқа бөлініңіздер.

№1. Кері байланыстың не екенін жақсы түсінеміз бе?

№2. Рефлексияны сабақта тиімді қолданатындар бар ма?

№3. Рефлексия мен кері байланыстың ара жігін ажырата аласыздар ма?

- №4. Кері байланыс не үшін керек?


**1-тапсырма. Қойылған сауал бойынша постер көрғайсыздар.**

**1-топ: «5 неліктен»**


**5 неліктен?**  
" Балалардың өздігінен кітап оқуға қызығушылығының жосартқысы "

1.	Әлеуметтік желілердің ашықтығы, кітап оқуға уақыттың тапшылығы, телефонға тәуелділік;
2.	Өздігінен қызығушылығының жосартқысы;
3.	Отбасында баласына кітап оқуға ата-ананың талабының төмендігі, ата-анасының үлес болмауы;
4.	Кітап оқуға итермелетінін жасақтауының жосартқысы;
5.	Ата-ана мен баланың қарым-қатынасының ашығы.


**2-топ: «5 сұрақ»**



**3-топ: «Т кестесі» әдісі**



**4-топ: «ҚКҚ» стратегиясы**



**Дескриптор:**

- Сауалды толық ашып, түсіндіре алады.

Рефлексия мен кері байланыстың ара жігін ажырата алады.

—Берілген әдістерді дұрыс қолдана алады.

- Өзектілігін айқындайды.

**Б.А. Тусупханова:**



- Бейнебаян «Дұрыс па? Бұрыс па?» үзінді көрсетіледі. /4 мин./

**Ендеше, біз жауап беріп көрейік.**

- "Кері байланыс" деген не? Жауабын беріп көрейін.

**Б.Т. Туткушева:**

**2-тапсырма.** Оқушылардың берілген жұмыстарына кері

байланыс беріңіз.

**Дескриптор:**

- Кері байланысты сауатты, жүйелі түрде береді.
- Кері байланысты пәнге қатысты береді.

**Б.А. Тусупханова:**

**3-тапсырма.**

**Дескриптор:**



- Берілген материалдар бойынша кері байланыс пен рефлексияның ара жігін ажырата алады.

Қысқа мерзімді жоспардың соңында жасалатын \_\_\_\_\_ рефлексия \_\_\_\_\_

Сабақ бойынша

Сабақ —рефлексиясы----- :  
қол жеткізген нәтижелердің қойылған мақсат-міндеттерге, олардың көлемі мен сапасына сәйкестігі.

**кері байланыс**



	Қалыптастырушы бағалаулардың болуы	Мұғалімнің сабақ қорытуы	Оқушылардың кері байланысы	Сабақтың нәтижелілігі, мақсаттың орындалуы	Барлық баланы бағалауы
Ұсынылатын ұпай 5	1	1	1	1	1

**Б.Т. Туткушева:**

**Сергіту сәті: «Бес маймыл».**

**Б.А. Тусупханова:**

**Қорытынды: Ал Абай отыз бірінші қара сөзінде есте сақтаудың мынадай тәсілдерін ұсынады: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:**

**әуелі** - көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

**екінші** - сол нәрсені естігенде, я көргенде, зирәтлану керек, көңілденіп, тұшынып. ынтамен ұғу керек;

**үшінші** - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек.

**төртінші** - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек.

кері байланыс		нәтижелілігі			
Оқушылардың әр тапсырманы бағалауы (КБ)	Мұғалімнің жеке бағалауы (КБ)	Оқушылардың өзін-өзі бағалауы	Топтың бірін-бірі бағалауы (КБ)	Ауызша кері байланыстың болуы, оқыту үшін бағалаудың жүзеге асуы	
Ұсынылатын ұпай 5	1	1	1	1	1

**РЕФЛЕКСИЯ...**

**Абай:**

— «Күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіптісің? Жүрекке де айна керек», — **демеді ме, ендеше, сабақ соңында үнемі рефлексия жасап отыратын болсақ, болашағымыз жарқын болмақ!**

**Сабақ соңында алынған Рефлексия топтарға беріледі**

<i>Сабақтан мен білдім...</i>	
<i>Маған қызықты болды...</i>	
<i>Маған қиын болды...</i>	
<i>Мен үшін маңызды болған нәрсе...</i>	
<i>Мен сезіндім...</i>	
<i>Мен қоржыныма алдым...</i>	
<i>Мен үйрендім...</i>	
<i>Менің қолымнан енді келеді...</i>	
<i>Мені таңқалдырған нәрсе...</i>	
<i>Мен жасап көремін...</i>	
<i>Болашақта ескеруім керек...</i>	
<i>Менің ойымша дұрыс жасалған тапсырма...</i>	
<i>Мен үшін бұл жаңалық болды...</i>	
<i>Мектептегі тәжірибемде... пайдаланар едім.</i>	
<i>Бұл оқудан алған жаңалығым ...</i>	
<i>Сабақ барысындағы сәтті шыққан әрекетім...</i>	
<i>Сабақ барысындағы сәтсіз шыққан әрекетім...</i>	
<i>Сабақта нәтижеге жеткен сәтін...</i>	
<i>Бұл әрекетімнің мақсаты ...</i>	

Пайдаланылған әдебиет:

1. Амантайұлы Б. А52 Ғибрат: - Алматы, 2021 - 228 бет.

*Қазақ тілі мен Әдебиет. - 2022. - сәуір (№4). - 76-82 б.*